

## Жоғары кәсіби білім беретін білім ұйымдарында оқуға қайта алу және ауыстыру тәртібі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 350 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 27 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1176. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 13 қаңтардағы N 13 (V053426) бұйрығымен.

Жоғары кәсіби білім беретін білім ұйымдарында оқитындарды оқуға қайта алу және ауыстыру процестерін реттеу және бақылау мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса берілген жоғары кәсіби білім беретін білім ұйымдарында оқуға қайта алу және ауыстыру реті туралы Ереже бекітілсін.

2. Жоғары білім департаменті (Ә. Әбжаппаров) осы бұйрықты, белгіленген тәртіппен, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұ с ы н с ы н .

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-Министр Ә. Ахметовке жүктелсін.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Б і л і м                      ж әне                      ғ ы л ы м                      м и н и с т р л і г і н і ң  
2 0 0 0                      ж ы л ғ ы                      1 8                      с ә у і р                      N                      3 5 0  
бұйрығымен бекітілген

**Жоғары кәсіби білім беретін білім беру орындарында білім алушыларды қайта қабылдауды және ауыстырудың тәртібі туралы**

**Ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Білім беру ұйымдарында білім алушыларды қайта қабылдаудың және ауыстырудың тәртібі туралы ереже (одан әрі - Ереже) 1999 жылдың 7 маусымында қабылданған Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес жасалған.

2. Ереже меншік түріне және ұйымдық бағыныштылығына қарамастан жоғары кәсіби білім беретін білім беру ұйымдарында білім алушыларды оқуға қайта қабылдау тәртібін анықтайды.

3. Жоғары кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға мыналар ж а т а д ы :

1) жоғары базалық кәсіби білім беретін білім беру ұйымдарында білім алушылар - студенттер;

2) жоғары ғылыми-педагогикалық кәсіби білім беретін білім беру ұйымдарында білім алушылар - магистранттар;

3) жоғары кәсіби білім беретін білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелерінде білім алатындар - тыңдаушылар;

4) жоғары кәсіби білім беретін әскери оқу орындарында білім алушылар - курсанттар .

4. Бірінші курста білім алушыларды бір мамандықтан екінші мамандыққа, оқудың бір түрінен екінші түріне, ауыстыруға тыйым салынады.

Бірінші курста академиялық қарызы, ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін шығарылған білім алушылар қайта қабылдауға жатпайды.

Қысқы емтихандық-сынақ сессиясын табысты тапсырғаннан соң бірінші курстың білім алушыларының бір ұйымнан екінші ұйымға ауысуға құқы бар.

*Ескерту: 4-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 11 желтоқсандағы N 1152 бұйрығымен .*

5. Күндізгі және сырттай оқу түрінде білім алушының қайта қабылдануға байланысты өтінішін білім беру ұйымының басшысы жазғы және қысқы демалыс кезеңінде қ а р а й д ы .

Сырттай оқу түрінде білім алушының қайта қабылдауға немесе ауысуға байланысты өтініші білім беру ұйымының басшысымен кезекті емтихандық-сынақ сессиясының басталуына дейін қаралады.

*Ескерту: 5-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 11 желтоқсандағы N 1152 бұйрығымен .*

## **2. Білім беру ұйымдарында білім алушы оқуға қайта қабылдаудың тәртібі туралы**

6. Жоғары кәсіби білім беретін білім беру ұйымынан шығарылған тұлғаның, егер оқудан шығарылған сәттен бастап он жыл өтпеген болса білім алушылардың қатарына білім беру ұйымдарының басшысының бұйрығымен оқудың кез-келген түріне қайта қабылдауға құқығы бар.

*Ескерту: 6-тармақ өзгертілді - ҚР Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 13 ақпандағы N 82 бұйрығымен .*

7. Білім алушылардың қатарына қайта қабылдау, тиісті курсқа тек ақылы оқуға ғана жүзеге асырылады. Бұл жағдайда жұмыстың оқу жоспарындағы айырма міндетті түрде бес оқу пәнінен аспау керек, бұлай болмаған жағдайда

білім алушы төмен курсқа қабылданады.

*Ескерту: 7-тармақ толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 11 желтоқсандағы N 1152 бұйрығымен .*

8. Оқу жоспарындағы айырмашылықты факультет деканы белгілейді. Оқу жоспарындағы айырмашылықты жою тәртібі мен мерзімі факультет бойынша өкімімен хатталады. Айырмашылықты жою мерзімі бұл жағдайда кезекті сессияның басталуымен шектеледі.

9. Қайта қабылдау жөніндегі өтінішке қоса академиялық анықтаманың түп нұсқасы тапсырылу керек.

Академиялық анықтамалардың бланклары қатаң есеп беру құжаты болып табылады. Олардың есебі мен берілуі арнаулы журналда тіркеледі.

9-1. Ақысын төлемегендіктен немесе оқу төлемақысына қарыздар болғандықтан семестр барысында оқудан шығарылған ақылы негізде білім алушылардың, ақысын төлеген немесе қарызын жойған уақыттан оқуға қайта қабылдануына құқығы бар.

*Ескерту: 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 11 желтоқсандағы N 1152 бұйрығымен .*

9-2. Егер білім алушы басқа білім ұйымына қайта қабылданып жатса, білім алушы бұрын оқыған білім беру ұйымының басшысы қабылдаушы жағының жазбаша өтініші негізінде, өзінде академиялық анықтаманың көшірмесін, оқу карточкасын, сынақ кітапшасын, студенттік билетін және жіберілген құжаттардың тізбесін қалдырып, студенттің жеке құжаттарын жібереді.

*Ескерту: 9-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 11 желтоқсандағы N 1152 бұйрығымен .*

### **3. Білім беру ұйымдарында білім алушыларды ауыстыру туралы**

10. Білім алушылар бір жоғарғы оқу орнына бір мамандықтан екінші мамандыққа немесе оқудың бір түрінен екінші түріне, мемлекеттік емес жоғары оқу орнынан мемлекеттік жоғары оқу орнына ауысуына құқығы бар. Бұл жағдайда оқу жоспары бойынша айырмашылық бес пәннен көп болмауға тиіс.

11. Білім алушылардың бір оқу орнының немесе оқудың бір түрінен екінші түріне олардың оқыту жағдайларына байланысты ауысуына құқығы бар.

12. Мемлекеттік емес оқу орындарында мемлекеттік білім гранттары мен несиелері бойынша оқитындардан басқа білім алушылардың бір мамандықтан екінші мамандыққа немесе мемлекеттік емес оқу орнынан мемлекеттік оқу орнына ауысуы тек ақылы бөлімшеге одан әрі оқуға кететін шығынды толық төлегенде ғана жүзеге асырылады.

*Ескерту: 12-тармақ толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 11 желтоқсандағы N 1152 бұйрығымен .*

13. Мемлекеттік білім беру гранты негізін білім алушы тұлғаларды бір білім беру ұйымынан басқасына ауыстыру кезінде бұл білім беру ұйымдары бойынша мемлекеттік тапсырыс көлемі түзетуге жатады.

14. Мемлекеттік білім беру несиесі негізінде білім алушы тұлғаларды бір білім беру ұйымдарынан басқасына ауыстыру кезінде бұл білім беру ұйымдары бойынша мемлекеттік тапсырыс көлемі үш жақты келісімге тиісті өзгерістер енгізіле отырылып түзетуге жатады.

14-1. Жоғары оқу орнын қаражаттандыру көлемін нақтылау мақсатында мемлекеттік білім тапсырысы негізінде білім алушыларды 13, 14-тармақтарға сәйкес бір білім ұйымынан басқасына ауыстырғанда, қабылдаушы жағының басшысы білім беру саласының орталық орындау органына білім алушыны қабылдау жөніндегі бұйрығының көшірмесін, оның оқуға қабылданғаны және шығарылғаны туралы бұйрықтың көшірмесін бірге жібереді.

*Ескерту: 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 11 желтоқсандағы N 1152 бұйрығымен .*

15. Келісім шарттың негізінде білім алушыларды бір білім беру ұйымынан немесе бір мамандықтан (оқу түрі) екіншісіне ауыстыру келісім шартқа тиісті өзгерістер енгізілу арқылы жүргізіледі.

16. Ауыстыру тек оқу үлгерімі бар студенттерге магистранттарға, тыңдаушыларға рұқсат етіледі.

17. Білім алушылардың басқа оқу түріне немесе басқа оқу түрінің мамандығына немесе бір білім беру ұйымының ішіндегі мамандыққа ауысуы оның басшысының бұйрығымен хатталады.

18. Мемлекеттің білімдік кредиті бойынша білім алушы, мемлекеттің білімдік гранты арқылы оқуына ауысуына құқысы бар. Мемлекеттің білімдік грантпен оқуға ауысу құқысына, тек қана, бүкіл оқу кезеңінде "жақсы" және "өте жақсы" бағалары бар білім алушы иемдене алады.

Мемлекеттің білімдік кредитімен білім алушы, мемлекеттің білімдік гранты бойынша оқуға ауысуы, ваканттық бос орындарға конкурстық тұрғыда, демалыс кезеңінде келесі ережелер бойынша жүргізіледі:

1) мемлекеттік білімдік кредит бойынша білім алушы, келешекте мемлекеттік білімдік грант бойынша оқуға ауысуын сұрап арыз береді.

2) білім беру ұйымының жетекшісі, сол арызды қарап, Ғылыми кеңесінің шешімімен қоса, тұрғылықты шешім қабылдау үшін білім беру саласының орталық орындаушы жүйесіне жібереді. Бұл жағдайда білім алушының өтінішіне ғылыми кеңестің шешімімен бірге оқудан шығарылған мемлекеттік білім гранты иесінің және бос орынға ауыстырылатын мемлекеттік білім несиесі иесінің куәліктері, ауыстырылатын студенттің сынақ кітапшасының көшірмесі қоса беріледі.

3) орталық орындаушы жүйесі түскен құжаттарды бекітілген тәртіппен қарап және сұрақ келісімді шешілген жағдайда, мемлекеттік білімдік грантқа ауыстырылуы жөнінде бұйрық шығарады.

4) осы бұйрық бойынша, мемлекеттік білім беру стандартының ұлттық орталығы, арыз берген білім алушының атына арнап, мемлекеттің білімдік грант иегерінің куәлігін жазып береді.

5) берілген куәлік бойынша, білім беру ұйымының жетекшісі, білім алушыны мемлекеттің білімдік кредиті бойынша оқуына мемлекеттің білімдік гранты бойынша оқуына ауысқаны жөнінде бұйрық шығарады.

6) білім алушы, мемлекеттің білімдік кредитінен мемлекеттің білімдік гранты бойынша оқуына ауысқан жағдайда, кредит берілуі жөніндегі жасалған үш жақты келісімді бұздырады. Ал білімдік кредиттің алынған мөлшері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың 20 шілдесінде шыққан N 1018, Қазақстан Республикасы Жоғарғы оқу орындарында мамандар дайындауды мемлекет тұрғысынан кредиттендіру қаулысының 5, 6 тармақтары бойынша жойылады.

*Ескерту: 18-тармақ толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 11 желтоқсандағы N 1152 бұйрығымен .*

19. Барлық шығынды өтеу арқылы ақылы білім - алушы, мемлекеттік білімдік кредит бойынша оқуға ауысуға құқысы бар. Бұл жағдайда ақылы білім алушының мемлекеттік білімдік кредит бойынша оқуға ауысуы конкурс бойынша ваканттық бос орындарға демалыс кезеңінде келесі тәртіп бойынша жүзеге асырылады :

1) ақылы білім алушы, келешекте мемлекеттік білімдік кредит бойынша оқуға ауысуы жөнінде арыз береді.

2) білім беру ұйымының жетекшісі, сол арызды қарап, ғылыми кеңестің шешімімен қоса, тұрғылықты шешім қабылдау үшін білім беру саласының орталық орындаушысы жүйесіне жібереді. Бұл жағдайда білім алушының өтінішіне ғылыми кеңестің шешімімен бірге, оқудан шығарылған мемлекеттік білім несиесі иесінің куәлігі, ауыстырылатын студенттің сынақ кітапшасының көшірмесі қоса беріледі.

3) орталық орындаушы жүйесі түскен құжаттарды бекітілген тәртіппен қарап және сұрақ келісімді шешілген жағдайда, білім алушыға берген арызына сәйкес, мемлекеттік білімдік кредит берілетіні туралы бұйрық шығарады.

4) осы бұйрық бойынша, орталық орындаушы жүйесі білім алушыға мемлекеттік білімдік кредиті берілгені туралы, мемлекеттік білім беру стандартының ұлттық орталығы және арыз берген білім алушының атына арнап, мемлекеттік білімдік кредит иегерінің куәлігін жазып береді.

5) берілген куәлік бойынша, білім беру ұйымының жетекшісі, білім алушы ақылы білім алудан келешекте мемлекеттік білімдік кредиті бойынша білім

алатыны туралы бұйрық шығарады.

б) ақылы білім алушы келешекте мемлекеттік білімдік кредиті бойынша білім алуына ауысқан жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың 20 шілдесінде шыққан N 1018 "Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарында мамандар дайындауды мемлекеттік тұрғысынан кредиттендіру" үш жақты келісім бекітеді.

*Ескерту: 19-тармақ толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 11 желтоқсандағы N 1152 бұйрығымен.*

19-1. Сол мамандыққа мемлекеттік білім гранттары мен несиелері түріндегі мемлекеттік тапсырыс болмаған жағдайда ақылы негізде оқитын білім алушыны 18-тармақтың 1)-5) тармақшаларында берілген тәртіппен мемлекеттік білім гранттары мен несиелері негізінде оқуға ауыстыруға болады.

*Ескерту: 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 11 желтоқсандағы N 1152 бұйрығымен.*

20. Білім алушылардың барлық оқу түрі бойынша бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауысуы екі ұйымның да басшыларының келісімімен жүргізіледі және тиісті бұйрықпен хатталады.

21. Басқа білім беру ұйымына ауысқысы келген білім алушылар өзі білім алып жатқан ұйым басшысының атына ауысуы туралы өтініш береді және мөрмен бекітілген жазбаша келісім алғаннан кейін өзі ауысуына мүдделі білім беру ұйымының басшысына барады.

Қабылдайтын білім беру ұйымы басшысының атына жазылған өтінішке қоса сынақтық кітапшаның көшірмесі немесе оқу бөлімінің (оқу - әдістемелік бөлімінің немесе басқармасының) бастығы, факультет деканының қолдары қойылып, мөрімен хатталған білім алушының оқу карточкасының көшірмесі сондай-ақ жоғары оқу орнының осы мамандық бойынша білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензияның көшірмесі тапсырылады.

Ауысу туралы мәселе оң шешілген жағдайда білім алушыны қабылдайтын білім беру ұйымының басшысы оны оқу сабақтарына жіберу және оқу жоспарындағы айырмашылықтарды тапсыру жөнінде бұйрық шығарады. Сонымен бір мезгілде білім алушының бұрын оқыған білім беру ұйымына оның жеке іс қағазын жіберу туралы жазбаша сұрау салады.

Білім алушы бұрын оқыған білім беру ұйымдарының басшысы мұндай сұрауды алғаннан кейін "(білім беру ұйымының аты) ауысуына байланысты шығарылды" деген желеумен оқудан шығару туралы бұйрық шығарады және апталық мерзім ішінде білім алушының жеке іс қағазын сұрау хат негізінде қабылдаушы жақтың адресіне жібереді. Білім беру ұйымында академиялық анықтаманың көшірмесі, оқу карточкасы, сынақ кітапшасы, студенттік билет және жіберілген құжаттардың тізбесі қалады.

Жеке іс парағы жіберілуге жатпайтын жағдайда (жоғары кәсіби білім беретін арнаулы білім беру ұйымдары, басқа да білім беру ұйымдары және ТМД елдерінің білім беру ұйымдары) оқуға қабылдау осы тектес білім беру ұйымдарынан басшының қолы қойылып мөрі басылған академиялық анықтаманы алғаннан кейін жүзеге асырылады.

*Ескерту: 21-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 11 желтоқсандағы N 1152 бұйрығымен .*

22. Білім алушының жеке іс парағын дер кезінде жіберумен алуға бақылауды жүзеге асыру оқу білімінің (оқу - әдістемелік бөлімі немесе басқармасының) бастығына және тиісті факультеттердің декандарына жүктеледі.

23. Білім алушыны білім беру ұйымдарына қабылдау туралы бұйрық оның жеке іс парағы алынғаннан кейін шығарылады. Басқа білім беру ұйымынан ауыстырылған білім алушының жеке іс парағы кезекті емтихандық сессияның басталуына дейін келіп жетпеген жағдайда оны оқу сабағына жіберу және оқу жоспарындағы айырмашылықты тапсыру жөніндегі бұйрық жоққа шығарылады.

24. Аталмыш ережеде қарастырылмаған мәселелерді шешу білім беру ұйымының құзырына жатады.